27. Сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаларды Тайынша аудандық сайлау комиссиясына ұсыну
Учаскелік сайлау комиссиялары
Хаттамаға қол қойылғаннан кейін – **дереу**
(113-8-б. 1-т.)
28. Әкімді сайлау қорытындыларын белгілеу
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлаудан кейін үш күн мерзімнен кешіктірмей
2023 жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей
(113-10-б.)
29. Әкімді сайлау қорытындылары туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап төрт күннен кешіктірмей
2023 жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей
(44-б.)
30. Сайланған әкімді тіркеу, тиісті куәліктер беру
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы
Сайлау өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімде
Сайланған әкімдерден жеті күн мерзім ішінде Конституцияға және Сайлау туралы Конституциялық заңға сәйкес әкім мәртебесімен сыйыспайтын міндеттерді доғаратыны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін
2023 жылғы 22 ақпаннан кешіктірмей
(45-б., 46-б. 3-т, 113-11-б. 1-т.)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының нормаларына сілтемелер берілді.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының төрағасымен 2023 жылға арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның аты-жөні	Азаматтардың қабылдауын жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен-жайы	Байланыс телефоны
«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының аппараты» КММ	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов	Аудандық мәслихат төрағасы	Сейсенбі сағат 9:00-ден - 13:00-ге дейін	Тайынша қ., Центральный бұрылысы, 3 «А», мәслихат төрағасының кабинеті	23485

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ТОҚСАНҒА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Ақтанов Нұрлыжан Жақсылықұлы – Тайынша ауданының ПБ бастығы полиция полковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы – Тайынша ауданының ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция майоры - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қазбек Амантайұлы – Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қайрат Серікбайұлы – Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Нұрахметов Марат Әмірханұлы – Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

ПБ бастығына қабылдау жүргізіледі. тел: 22-8-75.

БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОР ТАУАРЛАРДЫ ТАҢБАЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ТАРИФ ҚҰНЫН НЕГІЗДЕДІ

2023 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің алаңында мемлекеттік монополияға жатқызылған ерекше құқыққа ие Бірыңғай оператордың тауарларды таңбалау және қадағалау бойынша қызметтерінің бағаларына сараптама жүргізу мақсатында қоғамдық тыңдаулар өтті. Талқылауға бизнес, қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Қоғамдық тыңдаулар мемлекеттік монополия субъектісі көрсететін қызметтердің құнын бекітудің міндетті рәсімдерінің бірі болып табылады. 10 қаңтарда өткен қоғамдық тыңдауда олар қазіргі уақытта аяқ киімге, темекі бұйымдарына және дәрі-дәрмектерге қолданылатын міндетті цифрлық таңбалау қызметтерінің тарифін талқылады. Сонымен қатар, тыңдаулар барысында 2023 жылдың қыркүйегінде міндетті таңбалау енгізлетін тері бұйымдарды таңбалау кодының құны талқыланды. Тыңдауларды Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция вице-министрі Арман Шаққалиев жүргізді.

«Қоғамдық тыңдауларды өткізу қызметтерге баға жобасын қалыптастыру тәртібінің ашықтығын, сондай-ақ, тауарларды таңбалау және қадағалау жөніндегі бірыңғай оператор көрсететін қызметтерін тұтынушылардың мүдделерінің сақталуын көрсетеді», - деді Арман Шаққалиев.

Тауарларды цифрлық таңбалау және қадағалау бойынша бірыңғай оператордың өкілдері әрбір өнім тобы бойынша тарифке енгізілген шығындар құрамымен

таныстырды. Бірыңғай таңбалау операторының қызметтеріне бағаларды қалыптастыру бойынша баға белгілеу ережелерінің талаптарына сәйкес құн әдісі арқылы жүзеге асырылады.

«Барлық өнім топтарына ортақ жеке операциялық және капиталды шығындар тиісті коэффициенттерді қолдану арқылы жасалған таңбалау кодтарының көлемдеріне пропорционалды түрде бөлінеді. Баға белгілеу қағидалары арнайы құқық субъектісінің қызметтерінің бағасына қосуға тыйым салынатын шығындардың тізбесін белгілейді, мұндай шығындар Бірыңғай таңбалау операторы қызметтерінің тарифтеріне кірмейді», - деді Бірыңғай таңбалау және қадағалау операторының Жобалық кеңсесінің бас директоры Бикеш Құрманғалиева. Қазіргі уақытта міндетті таңбалау кодының құны темекі мен аяқ киімге 2,68 теңге, дәрі-дәрмекке 2,40 теңге, теріге 1361 теңгені құрайды. Қоғамдық тыңдаулар барысында бірыңғай оператор тарифті қалыптастыруға байланысты барлық шығындарды негіздеу отырып, цифрлық таңбалау кодының қолданыстағы құнын сақтап қалуды ұсынды.

Қоғамдық тыңдаулардың қорытындысы бойынша барлық материалдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес антимонополиялық орган – Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігіне жолданатын болады.

Алтынгүл ЖАНАБАЙ, Цифрлық экономиканы дамыту орталығының баспасөз қызметі, +7 701 773 5691 altynkul.zhanabay@digitaleconomy.kz

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ САЛАСЫНДА

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) сумен жабдықтау саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізуде.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады және Солтүстік Қазақстан облысының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасында көрсетілген.

Құрметті азаматтар, осы саладағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бойынша ұсынымдарды сіздер upd.sko@antikor.gov.kz электрондық поштасына жібере аласыздар немесе 8(7152)36-24-49 нөміріне қоңырау шалуыңызға болады.

Біздің мекен-жайымыз: Петропавл қ., Интернационал к-сі, 60.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдау мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі. Мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері – құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

ТАҒАЙЫНДАУ

Тайынша ауданы әкімінің өкімімен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің құрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы болып **Дмитрий Владимирович Руденко** тағайындалды.



Руденко Дмитрий Владимирович 1982 жылы

Көкшетау облысы Красноармейск қаласында туды. Жоғары білімі бар, 2006 жылы Қазақстан-Ресей университетін есеп және аудит мамандығы бойынша аяқтады.

Еңбек жолын 2002 жылдың қыркүйегінен бастап Красноармейск ЖМК-5 шебері болып бастады.

2008 жылдың наурызынан 2012 жылдың желтоқсанына дейін - «Алтын Тау-НЧ» ЖШС ШЖҚ бұйымдар бойынша цехының шебері.

2013 жылғы желтоқсаннан 2015 жылғы желтоқсанға дейін – «Алтын Тау-НЧ» ЖШС бухгалтері.

2016 жылғы қаңтардан 2016 жылғы шілдеге дейін – «Тайынша ауданы Тихоокеан ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бухгалтері.

2016 жылғы тамыздан 2020 жылғы қыркүйекке дейін – «Тайынша ауданы Роцинск ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ бас маманы-бас бухгалтері.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің, құрылыс, сәулет, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалғанға дейін Тайынша ауданы Летовочный ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеді.

БІЗДІҢ МАҚСАТЫМЫЗ – МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТАРДЫ САҚТАУ

Мұрағат – өткеннің, бүгіннің және болашақтың көкжиегін байланыстыратын платформа. Өйткені мұрағатта елдің одан әрі дамуына ықпал ететін бір немесе басқа тарихи фактіні растауға болады.

Тарих тек фактілер мен күндер ғана емес, тарих – бұл біреудің тағдыры мен кейіпкерлері, кейде керемет оқиғалар, бұл адамның көз жасы, азабы, бақыты, өйткені бұл өмір! Мұрағаттың пайда болуы адамзат мәдениетінің тарихында үлкен маңызға ие болды. Мұрағаттың арқасында біз халықтың жинақталған экономикалық және адамгершілік тәжірибесін және өткеннің мәдени жетістіктерін білеміз. Сондықтан мұрағаттың мәдениет тарихын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан түсінудегі рөлі зор, өйткені мұрағаттарда бүкіл тарихи дәуірлерді бейнелейтін бірегей материалдар сақталған. Мұрағат – тарихи оқиғалар мен адамдардың қоғамдық-саяси қызметі туралы ақпараттың сақтаушысы және көзі. Мұрағат материалдарын зерттей отырып, адамдар өз халқының шынайы тарихы мен мәдениетін біледі. Бұл мұрағаттың әлеуметтік-мәдени құбылыс ретіндегі тұрақты маңызы, ата-бабалар тарихы, - деп жазды Н. М. Карамзин, - Отанға лайық адам үшін әрқашан қызық. Көп жағдайда құжаттар «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелері немесе архивтік үзінділер беру» Архив ісі саласында мемлекеттік қызмет көрсету үшін пайдаланылады. Біздің мақсатымыз – қызмет алушылар үшін ғана емес, сонымен қатар тарихты біртіндеп жинайтындар үшін де өте қажет және маңызды құжаттарды сақтау. Осы мемлекеттік қызметтің басым және әлеуметтік маңыздылығын атап өткіміз келеді. Зейнетақы төлеу мәселесі және жұмыс өтіліне байланысты, ал Ұлттық мұрағат қорының (бұдан әрі – Мұрағат) деректерінсіз жұмыс өтілін растау кейде мүмкін емес. Әр түрлі ұйымдардағы еңбек өтілін растау кезінде олардың қызметкерлерінің болашақ тағдыры Бірінші басшылардың жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан азаматтар осы қызметті толық көлемде пайдалана алу үшін мұрағат қорын үнемі және үнемі толықтырып отыру қажет. 1998 жылғы 22 желтоқсандағы «Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жинақтау көздері ұйымдарының тізімін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Тізімге мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар (ЖШС, АҚ, ЖК) кіреді. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың барлық басшыларына өздерінің белсенді азаматтық ұстанымдары мен әріптестерінің алдындағы жауапкершіліктерін көрсетуге, Ұлттық мұрағат қорына тұрақты сақтауға беру үшін өткен жылдардың құжаттарын дайындауға сенімді өтініш.

А.В.ШИЛИНА, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві» КММ Тайынша аудандық филиалының мұрағатшысы.

БІЛІМАЛУ – ӘРБІР МҰСЫЛМАНҒА ПАРЫЗ

Білім – ақ пен қараны ажырататын, адам баласының көзін ашатын Алла Тағаланың адам баласына берген үлкен сыйы. Білім – ақыл мен парасаттың белгісі. Расында ислам дінінің адамзат баласына қоятын ең басты талабы білім алу және іздену. Жалпы Құранда «білу» деген мағынаға саятын «илм» түбірінен туындаған 780 сөз кездеседі. Ал ғылымның маңыздылығын ұғына түсу үшін ғылым деген сөзбен мағыналас хикма мен ғалым деген мағынаға келетін «хаким» сөздерінің де жиі қолданылуына назар аударған жөн. Мәселен «хикма» сөзі 20, «хаким» сөзі 97 жерде кездеседі. Қосымша «білу» деген мағынаға келетін «марифа» сөзі 70-ке жуық қолданылады. Қасиетті Құранның алғашқы түскен аяты білім алуға шақырады. Бізді жоқтан бар еткен Алла соңғы елшісіне, біздің сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммедке ﷺ:

«Оқы! Сені жаратқан Раббының атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың аса ардақты. Ол қаламмен (хат жазуды) үйретті. Адамға білмеген нәрселерді білгізді,» -деп, Құранның ең алғашқы аяты «оқы» деп түскен.[1] («Алак» сүресі, 1-5 аяттар)

Алла Тағала Құран Кәрімде білімнің артықшылығын бізге былай баяндайды: «باب لآل أولوا ركنتي أمن أن وولع عي ال ن يذلا و نولع عي ن يذلا و نولع عي ن يذلا و نولع عي ن يذلا (9) «Білетіндер мен білмейтіндер тең ба? Шын мәнінде ақыл иелері ғана ғибрат ала алады!»[2], деген. («Зумар» сүресі, 9-аят)

Оған қоса Алла Тағала ілім берілген мүмкіндердің дәрежелерін басқалардан жоғары етеді. Құранда: «ر ي ب خ ن و ل ع م ع ت ا م ب و ل ل ا و ا ت ا ج ر د م ل ع ا ا و ت و ا ن ي ذ ل ا و م ل ك ن م ا و ن م ا ن ي ذ ل ا و ل ل ا ع ل ع ف ر ي (11) «Алла Тағала сендерден иман келтіргендер мен ғылым берілгендердің дәрежесін жоғарылатады. Алла сендердің істегендеріңнен хабардар»[3], деген. («Мужәдәл» сүресі, 11-аят)

Пайғамбарымыздың хадистерінде де ілім жайында аз айтылмаған. Тіпті, Пайғамбарымыз сахабаларына ілім алуды өзі бастап үйреткендігін тарихтан білеміз.

Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ білім турасында машһур хадисте былай айтқан:

«Білімді талап ету әрбір мұсылманға парыз»[4], деген.

Ал білім алған адамның дәрежесі жоғары болатын жайында пайғамбарымыздың хадисінде:

«Алла Тағала кімге жақсылық қаласа, дінді терең білуді нәсіп етеді»[5] дейді (Бұхари, ильм 10; Муслим, имара 175).

Алла Тағала бір құлына білім нәсіп етсе, сол берілген ілім үшін сұралады. Ол жайында пайғамбарымыздың хадисінде:

«Қиямет күні Алланың ешбір құлы өмірін қайтіп өткізгендігі, жастық шағын қалай өткізгендігі, дүние-мүлкін қандай жолдармен тауып, қайда жұмсағандығы және алған білімімен не істегендігі жайлы есепке тартылмайынша бір адам да орнын тапжылмайды»[6] деген. (Тирмизи хадистер жинағы)

Алланың (م ي ل ع ا) «Ғалиим» (Бәрін білуші) деген есімі бар, демек ғылым-ілімді Алладан сұрау керек. Алла Құран Кәрімде пайғамбарымызға Мұхаммедке ﷺ: «ي ن ذ ر ب ل ل و ل ق و و ه ي ح و ك ي ل ا ي ض ق ي ن ا ل ل ب ق ن م ن ا ر ق ل ا ب ل ح ج ع ت ا ل و ق ح ل ا ك ل م ل ا ل ل ل ا ي ل ا ع ت ف (114) «Күллі жаратылыс атаулының Хақ Патшасы (шын иесі) Алла қандай ұлы десеңші! (Уа, Мұхаммад!) Саған Құранның уаһи етілуі толық аяқталмай тұрып, оны оқуға асықпа. «О Раббым, білімімді арттыра гөр!»[7] -деп Алла дұға қылуды ескерткен. («Тоһа» сүресі, 114-аят)

Іліммен қоса тақуалықта өсу керек, ол екеуі айырылмас нәрселер. Алла Құран Кәрімде:

«ر و ف غ ر ي ن ع ل ل ا ن ا ء ا م ل ع ا ا و ا ب ع ن م ل ل ا ي ش خ ي ا م ن ا (28) «Расында, Алладан құлдарының ішінен ғалымдар ғана шынайы түрде қорқады, шүбәсіз Алла Әзиз әрі Ғафур»[8] («Фатыр» сүресі, 28-аят)

Ибн Масғұд (р.а.) «Ғылымның жоғалуы - ғалымдардың өлімімен болады. Жаным құзырында болған Алланың атымен ант етемін, Алла разылығы үшін өлген шейіттер ғалымдарға берілген жоғарғы дәрежелерді көргенде, ғалым болу үшін дүниеге қайта келуді тілейді» дейді.

Ибн Аббас (р.а.): «Мен үшін түннің аз да болса бөлігін ғылым үйренумен өткізу, түні бойы ғибадат етуден жоғары» дейді.

Зубәйр ибн Әбу Бәкір: «Әкем Иракта жүргендегі хатында маған былай деп жазды: «Оқы, өйткені ғылым – жоқшылығыңда байлық, байлығыңда сән болар».

Хазрет Лұқман (ғ.с.) ұлына берген насихатында былай деген: «Ұлым! Ғалымдардың мәжілісіне қатыс. Көктен жаңбырымен жерді көгертетін Алла хикмет нұрымен мұсылмандардың жүрегін толтырады». «Ғалымның өліміне теңізге балықтар, көкте құстарға дейін әр жаратылыс жоқтап жылайды» делінген де сөз бар.

Хасан Басри: «Ғалымдар болмаса, адамдардың басқа жан иелерінен айырмашылығы болмас еді. Өйткені олардың оқытуымен адамдар адамдық дәрежеге жеткен» дейді.

Ілім алудың маңыздылығы жайында Ислам әлемінде төртінші Халиф болған Али ибн Әбу Талиб (р.а.): «Ілімсіз ғибадатта, түсінбей оқыған ілімде және ойланып, мән бермей оқуда еш жақсылық пен берекет жоқ» деген.

Ілім дүние мүліктен қымбат. Ілім сені қорғайды, малдың қорғаушысы сенсің. Онымен амал еткенінде ілім арта түседі, ал дүние – мүлік жұмсаған сайын азаяды. Қазіргі заманғы ғылымдарды игеріп, дамуға кедергі келтіретін нағандық, кедейлік және идеялық жікшілдікпен күресудің аты да жиһад. Ислам бізге ілім алуды, яғни дұрыс білім алуды бұйрады. Өкінішке орай, білімсіздік мұсылман жамағатын жік-жікке бөліп, Ислам әлеміне қара күйе жақтырады. Сол себепті ілімсіздіктің залалы шаш етекпен екендігін ұмытпайық.

Алла Құранда бірнеше аятта адамдардың ілімсіздігі мен сауатсыздығынан күнәға, ширкке түскендігін және олардың бұл білімсіздігі олар үшін сылтау болмайтындығын білдіреді.

Білім мен тәрбие әрқашан негізгі өзекті мәселе болып келгендігі баршамызға белгілі. Қазір заман өзгерді, талап өзгерді. Бүгінгі бала-ертенгі ел болашағы. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан ХХІ ғасырда дамыған елдермен теңестіріп, өркениетті әлемнен мәртебелі орын алуына ықпал етер бірден-бір күдірет-білім, білімді ұрпақ», - ХХІ ғасырды ғылым мен білімнің ғасыры деп атады.

Біздің басты міндеттеріміздің бірі қазақстандық отансүйгіштікті, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрмет ететін азамат тәрбиелеу.

«Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы»-деп дана халқымыз бекер айтпаған. Әлемдік деңгейде кең қанат жайып келе жатқан ғаламдану үрдісінде әр халықтың өзіндік бет

- бейнесін сақтап қалуы мен ұлттық ерекшеліктерді қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіру мәселесі зор маңызға ие болып отыр. Халықтың рухани құндылықтары ақпараттар ағымымен, жан- жақтан еніп жатқан жат түсініктер тасқынында жоғалып кетпеуі үшін жас ұрпақтың білімі жоғары болуы тиіс.

Негізінен Алла Тағаланың кітабында және Оның Елшісінің ﷺ хадистерінде ілім (ғылым)сөзі жалпылай түрде келген. Сондықтан бұл сөз жақсылыққа бастайтын, жер бетін гүлдендіруге, адамдарға қажетті барлық пайдалы ғылымдарға қатысты кең мағынаны қамтиды. Ғылымдарды: діни және зайырлы ғылымдар деп екіге бөліп қарастыруымызға болады.

Шариғат ілімі дегеніміз – бүкіл дүниені кім жаратқандығын, қандай мақсатпен жаратқандығын, қалай жаратқандығын және сол дүниеде өмір сүру жолдарын үйрететін ғылым. Шариғи білімді меңгерген адам алдымен өзін жаратқан Раббысын таниды. Сондай-ақ, өлімнен кейін де өмір бар екенін, адам өзі Алланың алдында істеген істері үшін сұраққа тартылатынын біледі. Сондықтан, Алланың бекіткен адал заңын бұл дүниеде берік ұстануға тырысады. Мәселен, шариғатты меңгерген саудагер болса, ол Алла Тағаланың Құран Кәрімде айтқан: «Таразыдан кемітушілерге қасірет бар» («Мутаффифин» сүресі, 1-аят) деген мағынадағы аятын әрдайым қаперінде ұстап, соған амал етеді. Ал, бұның астарында сатушыға да, сатып алушыға да үлкен игілік бар. Ал, шариғаттан хабары бар адам ұрлық-қарлыққа, біреудің хақысын жеуге еш уақытта бармайды.

Шариғат ілімі адамды сауапты іс жасауға итермелейді, күнәдан алыстады. Осы арқылы қоғам түзеледі. Дінді меңгерген адам айналасындағыларға құрметпен қарап, олардың көңіліне қаяу түсіруге тырысады. Әрдайым жақсылық жасауға жақын тұрады. Шариғат білімі адамды өмір бойы мазалайтын маңызды сұрақтарға нақты жауап алуға мүмкіндік береді. Мысалы, бүгінде көп адам Алланың бар екенін және бір екенін білсе де, өмірдің мәні неде екенін, өзінің не үшін жаратылғанын, Құдайға деген құлшылықтың не үшін жасалынатынын біле бермейді. Ал, «Зәрият» сүресінің 56-аятында «Мен жындар мен адамзатты тек өзіме ғибадат жасау үшін жараттым» делінген. Яғни, шариғи білім сіздің өміріңіздің шамшырағы.

Зайырлы білімді меңгерген адам да алдымен өзін жаратқан Раббысын таниды. Қалай дейсіз бе?! Алла Тағала Құранда адамдарды ойлануға, айналадағы жаратылыстарға қарап, оның кереметтігіне көз жеткізуді бұйырады. Осы арқылы дүние заңдылықтарының даналықпен орналастырылғандығын түсініп, бұның бір күдіретті жаратушысы бар екенін еріксіз сезінеді.

Алла тағала Құран кәрімде: «Ақиқатында аспандардың және жердің жаратылуында, түн мен күндіздің алмасуында, адамдар үшін пайдалы нәрселер мен теңізге жүретін кемеде және Алланың аспаннан су түсіріп, онымен жер тіршіліксіз қалғанның кейін оны тірілтуінде әрі онда түрлі жануарларды таратуында және желдердің алмасуында, аспан мен жер арасындағы бағынышты бұлттарды басқаруында ақыл иелері үшін (Жаратушының бірден бір екенін дәлелдейтін) даусыз дәлелдер бар»[9], деп адамзатты ойлануға, пікір қылуға шақырады. («Бақара» сүресі, 164-аят)

Мұсылман ғалымдары көптеген заманауи шариғи, фикх мәселелерде халал немесе харам екендігіне қатысты дұрыс шешім шығара алу үшін медицина, химия, астрономия т.б. секілді ғылым салаларының мәліметтеріне жүгінуіне тура келеді.

Мысал ретінде экономика, сауда саласын алсақ, факих ғалым сауда, экономикадағы барлық қарым-қатынас түрлерін білмесе соған қатысты мәселе туындаған жағдайда қалайша дұрыс үкімдер шығармақ? Банкте, биржада орындалатын түрлі кіріс-шығыс айналымдары жайлы тек осы саланың мамандарының көзқарасына жүгіну арқылы ғана дұрыс көзқарас айта алады.

Сол себепті, әрбір адам, дінін сүйетін мұсылман өз саласында биіктерді бағындырып, мамандығын терең игеруі қажет.

Демек адамға үйретілген ілімі тек шариғи білім емес екен. Адам баласы жаратылыстану ғылымдарын назардан тыс қалдырған жағдайда, жер бетіне жіберілген халифалық миссиясын толыққанды атқара алмайды. Сондықтан екі ғылымды да қатар алып жүру – мұсылман үмбетінің негізгі міндеті.

Ислам, әлемдік дін ретінде қазақ халқының өмірі мен салт-дәстүрімен үйлесімін тапты. Бұл халқымыздың ділі мен тілінде, мінез-құлқында және салты мен әдет-ғұрпында айшықталады. Дін Ислам жәй ғана сенім емес, бұл – қоғам мүшелерін бейтшілік пен тұрақтылыққа шақырып, мұсылмандарды білім алуға міндеттейді.

Қазақ даласында да көптеген ғалымдар, данышпан тұлғалар шыққан, сол Құран мен сүннеттен нәр алып шариғи тәлім-тәрбие алған тұлғалардың бірегейі Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ыбырай Алтынсарин.

«Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады » деген ұлы ақын Абай сөзі барлық уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне өз үлесін қосады. Жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Кез-келген пайдалы білім белгілі мөлшерде адамды дамытады.

Ұлы Абай « Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім» десе, Шәкәрім адам өмірін үш кезеңге бөліп, оның сол Абай меңзеген ең қуатты жастық шағын ғылымға арнауды насихаттайды, сол тұстағы албырт жігердің бір сағатын да бос өткізбеуге шақырады. Шәкәрім өмір сүрген кезеңдегі қоғамның мәдени - экономикалық жағдайын ескерсек, ақынның сондай мешеу ортада отырып, жас адамға бірден-бір қажет өнер ретінде ғылымды ұсынуы көргендік.

Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» деген өлеңі талай қазақ баласының көкірегін оятып, ғылым-білімге үндегені аян. Осы өлең жолының басы «Бір Аллаға сыйынып» деп басталып, «Кел, балалар оқылық!» деп жалғасын табуының өзі ақиқатты аңғартып тұрғандай.

Кешегі «АЛШ» жұрттың көздері ашық, көкірегі ояу азаматтарда шариғи тәлім-тәрбиені ауыл молдаларымен медреселерден алған. Атап айтар болсақ, Әлихан Бөкейхан, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров. Солардың бірі Мағжан Жұмабаев, ауыл молдасынан сауатын ашып, 1905–1910 жылдары Қызылжардағы №1 мешіт жанында белгілі татар зиялысы, мұсылман халықтарының азаттығы жолында күрескен М.Бегишевтің ұйымдастыруымен ашылған медреседе оқыды. Медреседе Бегишевтен Шығыс халықтарының тарихынан дәріс алды, қазақ, татар әдебиеттерін, Фирдоуси, Сағди, Хафиз Омар Нәпиди, Низами, Науаи секілді шығыс ақындарының дастандарын оқып үйренді. 1910-1913 жылдары Уфа қаласындағы «Ғалия» медресесінде білім алды. Білім жайында Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін білім. ...», -деген. Шындығында, адамның және жалпы ұлттың қадірі оның білімімен өлшенеді. Халықтың жері қаншалықты бай болса да, оны игеретін ғалымы, білімді азаматы болмаса одан не пайда?!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! ҚҰРМЕТТІ ДАУЛЫБАЙ ЕШІМБАЙҰЛЫ

Мерейлі жасыңыз құтты болсын!



Қазір мемлекетте де, қоғамда да көп өзгерістер орын алып жатыр. Осындай жағдайда кез келген білім ордалары жаңалықтардан тыс қалмауы керек. Мектептегі, орта және жоғары білім беретін барлық білім ошақтарында жаңарту мен оған өзгерістер енгізу жағдайларында қызмет міндеттерін нақты ұйымдастырғанда ғана сол білім ошағының жұмысы нәтижелі болмақ. Оқушыларға білім, тәрбие беру заман талабына сай жүргізілуі тиіс. Өйткені, бүгінгі оқушы, студент- қоғамның ертеңгі мүшесі. Бүгінгі жас ұрпаққа елдің болашақтағы тағдыры тапсырылады. Мемлекетіміздің ертеңі қандай болмағы бүгінгі жас ұрпаққа, оның алған біліміне, бойына сіңірген тәрбиесіне тікелей байланысты. Осындай білімді жас ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі зор. Сондай білікті маман ұстаздарымыздың бірі- Ташетов Даулыбай Ешімбайұлы.

Қашанда қызығы мен қиындығы қатар жүретін бұл өмірдің бұлтарысы көп, бұралаң ұзақ жолында таңдаған Ұстаздық мамандығыңыздың қыры мен сырын шебер меңгеріп, бүгінде қалтқысыз қызмет атқарып келесіз. Өзіңіз басқарып отырған колледж ұжымы Сізді үлкенге илтипатты іні, кішіге қамқор аға, қатарластарына адал дос бола білген ізгі жүректі азамат, еңбекте беделді маман, абыройлы жетекші, қаталдығы мен әділдігі жарасқан білікті басшы ретінде үлгі тұтады.

Сізді мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз! Өзіңізге қонар бақтың баяндысын, бітер дәулеттің көл-көсірлігін, келер ырыстың ысырап болмауын, шаңырағыңызға шаттықтың орнауын, немерелеріңіздің амандығын, Тәңірдің шексіз қолдауын тілейміз! Әрқашан осы жігерлі, қуатты қалпыңыздан таймай, әлі де талай асулардан аса беріңіз!

Ізгі ниетпен: Тайынша Агробизнес колледжінің ұжымы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қаңтардың 12 жұлдызында Тайынша қаласы Агробизнес колледжінің директоры Ташетов Даулыбай Ешімбайұлы 65 жасқа толды.

Даулыбай Ешімбайұлы — білікті басшы, іскер ұйымдастырушы, ұжым мақтанышы, отбасында үлгілі әке, сүйікті жар, ағайын — туыс арасында беделді — абыройлы азамат. Көп жылдан бері білім саласында тынымсыз еңбек етіп, өз үлесін қосып, талай жыл талмай—қажымай еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз. Білім беру саласында атқарған еңбектері бағаланып «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» және «Ы. Алтынсарин» төс белгісімен марапатталған.

Құрметті Даулыбай Ешімбайұлы!

Туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге ақ ниетпен ұзақ өмір, зор денсаулық, қажымас күш—қайрат, несібе — дәулет, барлық бастамаларыңызға сәттілік, әрқашан жарқын және жақсы көңіл-күй тілейміз. Осы атқарып жүрген қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызметіңіздің тек жемісін көріңіз. Отбасыңызға амандық, береке—бірлік тілейміз.

**Гүлнар Игібаева, аудандық Білім бөлімінің басшысы.
Айнұр Бейсенбаева, Білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы.**



**Үй сатамын. Үйдің ішінде барлық жағдай жасалған.
Сатылатын баға келісімді.
Байланыс телефоны 87078352668**

АҒАЙЫНҒА АЛҒЫС, ӘЖЕМІЗГЕ САҒЫНЫШ

Әлемдегі ең ардақты әже өмірден өтіп кетсе де, көңілден ешқашан кетпек емес. Ардақты да аяулы әжеміз, балаларының аяулы анасы - **МАКИЖАНОВА СӘЛКЕН ӘБҮТӘЛПҚЫЗЫ** өмірден озғанына, міне, 40 күн толып отыр. Еркелетіп, аялап өсірген әжеміздің орны ойсырап тұр. Немерелері үшін әжеміз - дүниедегі асыл әжелердің ішіндегі ең ғажабы, ең ардақтысы, ең асылы. Әжеміз — отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардың бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың, келіндердің тәрбиешісі әрі ақылгөйі болды. Ардақты ана, немере мен шөберелерінің сүйікті әжесі, біз үшін орның бөлек, сіздің ақыл-кеңестеріңіз, сабырлы да әсем дауысыңызбен айтқан қызықты әңгімелеріңіз бен әсем де қоңыр дауысты әндеріңіз де есімізде мәңгілікке сақталады. Әжем өте сұлу, ажарлы кісі болған. Жасы келіп, қартайса да жүзінен ажары таймады. Сабырлы мінезі де өзіне ерекше сән беріп тұратын. Бүкіл саналы ғұмырында балалары мен немерелеріне тәрбие беруден жалықпаған әжемізді еске алғанда көз алдымызға оның ақпейіл мінезі мен әжелік қамқорлығы келеді. Еркелетіп өсірген әжеміздің орны біз үшін қашанда ерекше. Өзінің ақыл парасаты мен асыл қасиеті, әрбір айтқан өсиет сөздері мәңгілікке жадымызда, жүрек түңпірінде сақталмақ. Қазір әжемнің айтар ақылы, әрбір істі шешердегі сабырлылығы, тұрасын кесіп ай-

тар нақтылығы жетіспей, орны үңрейіп тұрғандай. Әрдайым үйге қайтқанда алдымыздан шығып, «айналайын», «қарағым» деп айтқан сөздері ешқашан да, құлақтан кетпес. Амал нешік, Алланың пендесіне берер қамшының сабындай ғана қысқа ғұмыр..... Бәріміздің де тілеуімізді тілеп, әрдайым күтіп отыратын сүйікті әжеміздің енді ортамызда жоқ екенін ойлағанда көзге жар, көңілге мұң үйіріледі. Ағайын-туыстары, балаларын, немере, шөберелерін бауырына тартып, ашық-жарқын мінезімен жанымызды жадырату әжемізге ғана тән қасиет сияқты көрінетін. Әжеміздің мәңгілік келмес сапарға аттанғанын білсек де, ажалға қимас бір сезім жүрегіміздің түбінде жатқандай.. Әже, жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын!

Иә, анамыз, әжеміз өмірден өтті. Сондай бір өмір белесін басымыздан өткеріп, көңіліміз құлазыған кезде бізге қолдау көрсетіп, барша ағайын — туыс, құда-жегжат, дос-құрбыларымыз бен көршілеріміз, барша бізді білетін жандар жанымыздан табылып, көңілімізге медеу болды. Әжеміздің, анамыздың жанназасына қатынасып, сол күндері бізбен бірге болған барша жанға біз шынайы Алғыс білдіреміз. Жақсы күндерде қауышып, аман болайық!

Макижановтар, Атығаевтар әулеті және олардан тараған ұрпақтары.

«СОТҚА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ»

Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өз мақсатымен құқықтарды қорғауға ие, азаматтардың, ұйымдардың бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету.

Алайда, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот органдары тарапынан заңның үстемдігін қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге процестің барлық қатысушыларынан да талап етіледі.

Қылмыстық іс жүргізу кодексінің ережесінде сотқа шақырылған барлық адамдар шақыру қағаздарына, SMS-хабарламаларға, хабарламаларға жауап беруге және сотқа келуге міндетті екендігі айтылған. Сотқа келмеудің жалғыз негізі ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы, табиғи апаттар, адамның белгіленген уақытта сотқа келу мүмкіндігін жоққа шығаратын басқа да себептер сияқты дәлелді себеп болуы мүмкін. Сот отырысы залында тәртіпті сақтау туралы талаптар процеске қатысушылардың барлығы, олардың өкілдері, сарапшылар, мамандар, аудармашылар, сондай-ақ сот отырысы залына қатысатын адамдар үшін міндетті. Сот отырысы кезінде залдағы адамдардың еркін қозғалуына, тіркеуші аппаратураны пайдалануға немесе төрағалық етушінің рұқсатынсыз қандай да бір сөз айтуға жол берілмейді. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 653-бабының 1-бөлігіне сәйкес заңда белгіленген ережелерді сақтамау ескерту, 20 АЕК мөлшерінде айыппұл немесе бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу түріндегі әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған қайталама әрекеттер немесе әрекетсіздіктер үшін 30 АЕК айыппұл немесе он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамақ түріндегі жауапкершілік көзделген.

Сонымен қатар, сотты құрметтемегені үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын атап өткен жөн. Егер сот отырысының тәртібін бұзушылық әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болса, бұл адам қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Сот процесінің әрбір қатысушысы өзіне ғана емес, сотқа, сондай-ақ соттың басқа да қатысушыларына құрмет көрсетуі тиіс.

**Гүлдана ЕЛЕМСОВА,
Тайынша аудандық сот кеңсесінің бас маманы.**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕП ҚАҒИДАЛАРЫ

ҚР Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексі (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) бекітілді.

Қоғамда мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне салым салады, қоғамға және өзінің Отаны — Қазақстан Республикасына бейтарап және адал қызмет етеді деп есептейді.

Бұл Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепті емес мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметшілер Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі этносаралық келісімді нығайтуға, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға тиіс. Мемлекеттік қызметшілер қабылдаған шешімдер заңды және әділ болуға тиіс.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі келтіретін немесе төмендететін мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұруға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға тиіс.

Кодекске мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлық стандарттары, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық, сондай-ақ көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу тікелей айқындалған.

Әдеп кодексі жалпы қабылданған жүргізу нормаларының басқа тараптарын да қамтиды. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға жәрдемдесуі, ресми, ұстамдылық пен дәлдікпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының белгіленген стандарттарын қатаң сақтау халықтың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл Мемлекет басшысының алдымызға қойған басты міндеті, әрбір қызметшінің алдында — халыққа тиімді қызмет ету.

**Айгерім МЕЙРАМ,
Тайынша аудандық соты кеңсесінің
бас маман-сот мәжілісінің хатшысы.**

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

**Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА**



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 12. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.